

Дін әлеуметтануы мен психологиясының негізгі мәселелері пәні бойынша семинар сабақтарының әдістемелік нұсқаулығы

«Дін әлеуметтануы мен психологиясының негізгі мәселелері» пәнінен семинарға дайындалу барысында магистрант дәріс кезінде берілген негізгі ғылыми, дінтанулық бағытты басты ұстанымға алуы керек:

- дін социологиясы мен психологиясындағы фундаменталды және қолданбалы ғылыми зерттеулердің методологиясын, әдістерін, технологиясын меңгеру;
- дін социологиясының ерекше әдістері және әдіснамасын, аналитикалық тұжырымдарын дінтанулық қызмет саласында қолдану;
- дінтанудағы социологиялық және психологиялық зерттеулердегі ортақ теориялық, аналитикалық, зерттеулердің әдістерін
- дінтанудағы социологиялық және психологиялық зерттеулерді жоспарлау, жасау және іске асыру
- қоғамдағы діни тәжірибе проблемасы және оның көріну формалары, сондай-ақ діни қорқыныш, діни фанатизмнің мәні және т.б. мәселелерде дін психологиясының теориясын қолданады;
- дін социологиясы мен психологиясындағы теориялық және қолданбалы бағыттарды қазіргі Қазақстандағы діндарлық деңгейін зерттеу мен болжаулауда іске асыру

Магистранттың семинарға дайындалуы

Семинарға дайындала отырып, магистранттар міндетті:

- ұсынылған әдебиеттермен танысу;
- мәселе бойынша түрлі көзқарастарды қарастыру;
- проблемалы мәселерді бөлу;
- өз көзқарасын қалыптастыру;
- даулы сәттерді қарастыру және пікірталас мәселесін шешу.

Магистранттардың семинарға дайындалу әдістемесі.

Дайындық кезінде магистрант мәселені дұрыс бағалауы тиіс және берілген тапсырма тақырыбын толығымен ашуға міндетті. Оқытушы ұсынған негізгі және қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, қойылған сұраққа дұрыс және нақты жауап беру керек.

Магистранттың кез келген сөз сөйлеуіне қойылатын талаптар тізімі шамамен төмендегідей:

- жоспарлау - басты мәселелерді бөліп алу;
- мәселенің мәнін ашу;
- мәселенің барлық аспектілері жариялануы тиіс, сұраққа жауап бергенде сөйлемнің толық болуы мен аяқталуы керек;

- магистранттың сөз сөйлеуі логика талаптарына сай болуы керек;
- айтылған проблеманы айқын ажырату, оның нақты тұжырымдалуы;
- сөз сөйлеу тақырыппен немесе сұрақпен байланысты болуы керек;
- дәлел келтіргенде, қарама-қайшы келмейтін және толық дәлелдеме болуы керек;
- ұғымдар мен терминдерді дұрыс және мазмұнды пайдалану;
- пікірталас, пікірталасуды қолдау, басқа магистранттардың жауаптарына талдау жасау;
- оқытушының немесе басқа магистранттардың тақырыпқа қатысты семинар барысында айтқан құнды пікірлерін немесе жаңа ақпаратты жүйелі түрде жазып отыру;
- магистранттың оқытушыға және топтастарына қарым-қатынасы - сыйластық, өзара сын.